

Ескелді ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ескелді ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 21 қыркүйектегі № 281 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2016 жылы 20 қазанда № 3983 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ескелді ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 6 желтоқсандағы № 243 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Алматы облысы Ескелді ауданы әкімдігінің 06.12.2017 № 243 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Ескелді ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Ескелді ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Дюсебаев Берік Оналбаевичке осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудан әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Қ. Ә л і б а е в қ а** жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескелді ауданы әкімі

Ж. Ноғайбеков

Ескелді ауданы әкімдігінің 2016 жылғы "21" қыркүйек "Ескелді ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" № 281 қаулысына қосымша

Ескелді ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының атауы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы жан басына шаққандағы бір айдағы қаржыландыру мөлшері (теңге)	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге)
1	Ескелді ауданы әкімдігінің " Балдырған " балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	90	26751,85	3 жасқа дейін - 6300, 3 жастан кейін - 8000
2	Ескелді ауданы әкімдігінің " Айгөлек" балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	90	23185,18	3 жасқа дейін - 6300, 3 жастан кейін - 8000
3	Ескелді ауданы әкімдігінің " Қызғалдақ " балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	70	24026,19	3 жасқа дейін - 6300, 3 жастан кейін -8000
4	Ескелді ауданы әкімдігінің " Күншуақ " балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	70	23692,85	3 жасқа дейін - 6300, 3 жастан кейін - 8000
5	Ескелді ауданы әкімдігінің " Балапан " балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	70	24858,33	3 жасқа дейін - 6300, 3 жастан кейін - 8000
6	Ескелді ауданы әкімдігінің " Айкүн " балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	90	25014,81	3 жасқа дейін - 6300, 3 жастан кейін - 8000
7	" Ескелді ауданы әкімдігінің Жаналық негізгі мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	9736,6	8000
8	" Ескелді ауданы әкімдігінің Мелкомбинат негізгі-орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	15015	8000
9	" Ескелді ауданы әкімдігінің Коктөбе орталау мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	12786,6	8000

10	" Ескелді ауданы Мичурин атындағы орталау мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	11450	8000
11	" Ескелді ауданы әкімдігінің Байысов атындағы -орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	11293	8000
12	" Ескелді ауданы әкімдігінің Олег Кошевой атындағы негізгі орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	11466,6	8000
13	" Ескелді ауданы әкімдігінің Жастар негізгі орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	12423,3	8000